



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Наурыз 2024

2024 жылғы наурызда жылдық инфляция 9,1%-ға дейін баяулады.

Қарақұмық жармасы, күнбағыс дәнінің біршама қоры жиналғанына байланысты өсімдік майлары мен қарақұмық бағасы одан әрі арзандады. Жаңа піскен көкөніс бағасы арзандағаны байқалады. Жұмыртқа бағасы одан әрі өсіп жатыр.

Азық-тұлік емес тауарлар ішінде тұрмыста қолданылатын құрылғылар, дәрі-дәрменек, жеке пайдаланатын тауар бағасы қымбаттады. Сондай-ақ, автокөлік, жуып-тазалауға арналған өнімдер, қатты отын, жеке қолдануға арналған электр құрылғылары бағасының өсімі баяулады.

Ақылды қызметтердің ішінде реттелетін коммуналдық қызмет бағасы, қоғамды тамақтандыру қызметі және жеке қызмет көрсету бағасы өсуін жалғастырды. Бұл ретте амбулатория қызметі, көлік қызметі, сондай-ақ шетелге демалуға жолдама бағасының өсімі баяулады.


2024 жылғы наурызда жылдық инфляция әрі қарай баяулап, 9,1% болды (ақпанда – 9,3%). Бір айдағы баға өсімі 0,7%-ға дейін баяулады (ақпанда – 1,1%) (1-кесте).

Сондай-ақ маусымдық факторлар ескерілмеген инфляция 0,52%-ға дейін баяулады. Аннуализацияланған мәнде көрсеткіш 6,5%-ға дейін баяулады (2024 жылғы ақпанда – 11,9%).


Маусымдық факторларды есепке алмағанда, көкөніс, майлар, жеке пайдалануға арналған электр құралдары, кешенді демалыс үйімдестіру, сақтандыру бағасы төмендегені байқалады. Коммуналдық және амбулатория қызметі, байланыс және көлік қызметінің кейбір түрлерінің маусымдық факторлар ескерілмегендегі бағасы баяу өсе бастады.

Инфляция үрдістерінің баяулағанына қарамастан, тұтыну себетіндегі үлесі бойынша көптеген тауар мен қызметтің маусымдық факторлар ескерілмеген аннуализацияланған бағасының өсімі межелі көрсеткіштен асып түсіп отыр (2-кесте).

1-кесте. Инфляция көрсеткіштері, а/а




2-кесте. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімі, а/а, аннуал., %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Әртүрлі әдістермен¹ есептелген маусымдық факторлар ескерілмеген базалық инфляцияның орташа мәні баяулап, 0,51% а/а (аннуализацияланған мәнде – 6,3%) болды, бұл инфляцияның тұрақты бөлігінде баға өсімі баяулағанын білдіруі мүмкін (3-кесте).


3-кесте. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік бағасының өсімі жылдық мәнде 6,9%-ға дейін баяулады (ақпанда – 7,4% ж/ж). Бұл үрдіс нан-тоқаш өнімдері мен жармалар, ет және ет өнімдері, сүт өнімдері, жеміс-көкөніс бағасының жылдық өсімі баяулауы нәтижесінде байқалды. Осы тауарлардың жылдық азық-түлік инфляциясына қосқан жиынтық үлесі 4,8 п.т. болды (4-кесте).

4-кесте. Жылдық азық-түлік инфляцияға тауарлардың үлесі



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

¹ Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ен аз 10% және ен көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ен құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция инфляциядан соғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ен жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; медиана – сол айда маусымдық факторлар ескерілмеген бағаның өзгеруін бөлудің 50% проценттілі. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктың ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.


Азық-тұлік бағасының айлық өсімі 2024 жылғы наурызда 0,6%-ға дейін баяулады (ақпанда – 0,8%). Нан-тоқаш өнімдері мен жарма бағасының өсуінің баяулауы инфляцияның азық-тұлік компонентіндегі көрсеткіштің төмендеуіне ықпал етті. Үн-жарма өнімдерін өндірушілер бағасының төмендеуі аясында үн бағасының өсімі 0,1%-ға (а/а) дейін баяулады. Сонымен қатар, нан мен макарон бағасының өсімі баяулады. Жарма өнімдерінің арасында қарақұмықтың біршама қоры жиналғанына, сондай-ақ қарақұмық өндірушілердің бағасы арзандағанына байланысты қарақұмық жармасының бағасы 3%-ға төмендеді. Сут өнімдері бағасының өсімі сут өнімдерін өндірушілер бағасының қымбаттауы баяулағанына байланысты 0,9%-ға дейін аздалап баяулады.

Сонымен қатар, күнбағыс дәнін экспорттауға енгізілген тұрақты баж салығына² және күнбағыс дәнінің біршама қоры жиналғанына байланысты күнбағыс майы бағасы 5,7%-ға (а/а) (24,6% ж/ж) әрі қарай төмендеді. Сондай-ақ, наурызда жаңа піскен көкөніс бағасы 0,6%-ға төмендеді, атап айтқанда, қияр өндірушілердің бағасы төмендеуіне байланысты қияр бағасы 7,1%-ға (1,4% ж/ж) арзандады. Сондай-ақ, ұсыныстың ұлғаюы және сату мен сақтаудағы қыындықтар нәтижесінде пияз бағасының 5%-ға (а/а) төмендегені (45% ж/ж) байқалады.

Бұдан білеқ, биылғы ақпан-наурыз айларында азық-тұлік бағасының өсуіне қант бағасының 3%-ға қымбаттауы айтартылғатай әсер етті. Бұл қант өндірушілердің бағасы өсуіне байланысты болды. Сондай-ақ биылғы ақпан-наурыз айларында ауыл шаруашылығындағы құс еті мен еттен жасалған өнімдерді өндірушілер бағасының өсуі аясында ет бағасының өсімі 0,5%-ға (а/а) дейін жеделдегені байқалады. Жұмыртқа бағасы да одан әрі есті (1,5% а/а, 19% ж/ж).


2024 жылғы наурызда барлық негізгі азық-тұліктің ішкі бағасы сыртқы бағадан тағы да асып тұсті. Бұл ретте дәнді дақылдар бағасының және қант бағасының дифференциалы кеңейгені байқалады, бұл ішкі және сыртқы бағалардың динамикасы әртүрлі бағытта дамығанына байланысты болды. Өсімдік майлары дифференциалы бір үақытта ішкі және сыртқы бағаның төмендеуі әсерінен қысқарды. Ет бағасы дифференциалының қысқаруы ішкі бағаның қалыпты өсуіне және әлемдік бағаның тез өсуіне байланысты болды (5-кесте).

**5-кесте. Кей азық-тұлік тауарларының әлемдік және ішкі бағасының динамикасы³,
теңгемен, 2019 жел. = 100**



² Интернет-ресурс: Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі. URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/doc/178165/rus>

³ Тенгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескергендеңгі 2019 жылғы желтоқсаннан берігі (2019 жылғы желтоқсан = 100) тиісті индекстердің өзгеруі.



Дәнді дақылдардың әлемдік бағасы үш ай қатарынан тұсті, бұл ретте 2024 жылғы наурызда 2,6%-ға (а/а) төмендеді (20,0% ж/ж). Бидай бағасы ЕО, Ресей және АҚШ арасындағы экспорттық бәсекелестіктің сақталуына, сондай-ақ қор жинаған Қытай тарапынан сұраныс төмен болуына байланысты одан ары арзандады. Жүгері бағасының өсуі Аргентина тарапынан ұсыныстың көбеюінен тежелді. Қүріш, өз кезегінде, әлемдік нарықтардағы әлсіз импорттық сұранысқа байланысты 1,7%-ға (а/а) арзандады.

Ет өнімдерінің сыртқы және ішкі бағасы арасындағы дифференциалдың қысқаруы ішкі бағаның баяу өсімі мен әлемдік бағаның өсіміне байланысты болды. 2024 жылғы наурызда негізгі импорттаушы елдер тарапынан сұраныс артуына байланысты еттің негізгі түрлерінің (құс еті, сиыр еті және шошқа еті) бағасы өсуі аясында еттің әлемдік бағасы 1,7%-ға (а/а) (ж/ж 1,5%-ға төмендеді) өсті.


2024 жылғы наурызда өсімдік майларының әлемдік бағасының өсуі және өсімдік майларының ішкі бағасының төмендеуі аясында дифференциал қысқарғаны байқалады. Әлемдік бағалардың өсуі (а/а 8,0-ге, ж/ж 0,9%-ға төмендеді) жетекші импорттаушы елдердің сұранысының артуына байланысты өсімдік майының барлық негізгі түрінің (соя, рапс, пальма және құнбағыс) бағасы қымбаттауына байланысты болды. Соя майын қымбаттатқан тағы бір фактор – биоотынға деген сұраныстың көбеюі, атап айтқанда АҚШ пен Бразилиядан сұраныс артуы себеп болды.

2024 жылдың қаңтар-ақпан айларында қысқарған қанттың сыртқы және ішкі бағаласының дифференциалы 2024 жылғы наурызда ішкі және сыртқы бағалардың төмендеуі аясында алшақтады. Биылғы наурызда қанттың әлемдік бағасының 5,4%-ға (а/а) төмендеуі (ж/ж 4,8%-ға жоғарылады) Үндістан мен Таиландтың қант өнімділігіне байланысты болжамын жақсартуына байланысты болды. Сондай-ақ, әлемдік бағаның төмендеуіне Бразилия ұсынып отырған тұрақты қант қамысының болуы да ықпал етті.

Азық-түлік емес тауар бағасының жылдық өсімі баяулауын жалғастырып, 2024 жылғы наурызда 8,2% (ақпанда – 8,5%) болды. Бұл тауарлар құрылымында жеке пайдаланылатын тауарлар, дәрі-дәрмек, автокөлік, қатты отын, тұрмысқа қажет заттардың бағасының жылдық өсу қарқыны баяулағаны байқалады (6-кесте).

Азық-түлік емес тауарлар бағасының айлық өсімі 0,5%-ға дейін баяулады (ақпанда – 0,7%). 2024 жылғы наурызда инфляцияның азық-түлікке жатпайтын тауарлар компонентіндегі көрсеткіші төмендеуіне тұрмыстық техника, фармацевтика өнімдері, жеке пайдаланылатын тауар бағасының өсімі баяулағаны әсер етті. Сонымен қатар, автокөлік бағасының 0,5%-ға, жуып-тазалауға арналған құралдардың 0,2%-ға, қатты отынның 0,2%-ға, жеке пайдалануға арналған электр құрылғыларының 3,9%-ға түскені байқалады.

6-кесте. Жылдық азық-түлік емес инфляцияға тауарлардың үлесі




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы наурызда **ақылдық қызмет бағасының** жылдық өсімі жеделдеп, 13,2% болды (ақпанда – 12,8% ж/ж). Бағаның бір айдағы өсімі 1,1% -ға дейін баяулады (ақпанда – 1,7%), (7-кесте).

Былғанда наурызда ақылдық қызмет құрылымында амбулатория қызметтінің, көлік қызметтінің айлық өсімі баяулады. Ақпан айында өскен үялдың байланысы қызметтінің бағасында өзгеріс байқалмайды. Сонымен қатар, халықтың сұранысы тұрақты сақталғанына байланысты қоғамды тамақтандыру, қонақ үй қызметі, шаштараң және жеке қызмет көрсету мекемелерінің қызметі, демалыс, ойын-сауық және мәдениет саласындағы қызметтердің қымбаттағаны байқалады. Сонымен қатар, 2024 жылғы наурызда кешенді демалыс үйімдестерді, бір айға сақтандыру бағасы төмендеді.


7-кесте. Жылдық ақылдық қызметтердің инфляцияға тауарлардың үлесі



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы наурызда реттелетін коммуналдық қызмет тарифінің бір айдағы өсімі 3,8% болды, оның ішінде суық су – 4,4%-ға, су бұру – 6,1%-ға, жылу – 2,4%-ға, ыстық су – 2,3%-ға, электр энергиясы 5,9%-ға қымбаттады. Газбен қамту құны өзгерген жоқ (8-кесте).

8-кесте. Өңірлер бойынша реттегелетін TYK бағасының өсуі, 2024 жылғы қантар-наурыз, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Өндөуші өнеркәсіптегі өндіруші кәсіпорындардың бағасының арзандауы аралық тауарлар бағасының өсіү нәтижесінде баяулады.

2024 жылғы наурызда ауыл шаруашылығындағы өндірушілердің бағасының түсі өсімдік шаруашылығындағы бағаның төмендеуінің және мал шаруашылығындағы бағаның өсуінің баяулауы аясында жылдық мәнде баяулады.


Өндіріштің өнеркәсібінде 2024 жылғы наурызда жылдық мәнде 1.1%-ға төмөндеді, бұл аралық тауарлар бағасының арзандауына байланысты болды (9-кесте). Сонымен қатар, өнеркәсіп сипатындағы қызыметтердің бағасы өсті.

9-кесте. Өнеркәсіптегі бағалар



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

10-кесте. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



2024 жылғы наурызда азық-түлік өндірушілердің бағасының арзандауы жылдық мәнде 2,7%-ға баяулады (2024 жылғы акпанда ж/ж 3,5%-ға төмендеген).

Ұн-жарма өнімдерін, май өндірушілердің бағасы тәмендегені байқалады, бұл ретте ет және сүт өнімдерін өндірушілердің бағасы өсті. Нан және макарон өнімдерінің бағасының өсімі баяулады. Сонымен қатар, сусын өндірушілердің бағасы одан ары өсті.

Азық-тұлікке жатпайтын тауарлар ішінде автокөлік, минералды өнімдер, жуып-тазалауға арналған өнімдерді өндірушілердің бағасы өсті. Жиһаз өндірушілердің бағасының өсімі баяулады.

2024 жылғы наурызда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер бағасының төмендеуі жылдық мәнде 3,1% болды (2024 жылғы ақпандан ж/ж 4,1%-ға төмендеген) (10-кесте). Өсімдік шаруашылығындағы бағаның төмендеу қарқыны көпжылдық дақылдар бағасының өсуі аясында (ж/ж 11,1%) баяулады. Бидай, жүгері, майлы дақылдар мен кептірілген бүршақ дақылдарының, жемшөп дақылдарының бағасы ары қарай төмендеді.

Мал мен құс бағасының өсімі жалғасуына байланысты мал шаруашылығында баға қымбаттағаны байқалады. Жұмыртқа мен табиғи бал өндірушілердің бағасының өсімі болар-болмас баяулады, десе де, салыстырмалы түрде жоғары деңгейде қалып отыр (ж/ж 12,0% және ж/ж 14,8%), сонымен қатар, шикі сүт бағасының өсімі жылдық мәнде 2,7% болды.